



"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 16 сәуір N 495

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының

Z980321_

Заңына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына
енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының
Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Z980321_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 жыл, N 23, 430-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

76-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"76-бап. Бала ретінде асырап алуға жол берілетін балалар

1. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және туылғаны белгіленген тәртіппен тіркелген балаларды асырап алуға жол беріледі.

Тек қана солардың мүдделеріне сәйкес ұл асырап алуға немесе қыз асырап алуға
ж о л б е р і л е д і .

2. Балалар, балалардың туыстарына, осы туыстарының азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан не балалардың Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тысқары тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына асырап алуға
б е р і л у і м ү м к і н .

3. Балалар, егер оларды осы Заңның 2-тармағында көрсетілген адамдарға асырап алуға беру мүмкіндігі болмаған жағдайларда, осы балалар осы Заңның 101-бабының 3-тармағына сәйкес орталықтандырылған есепке қойылған күннен үш ай өткеннен соң шетелдік азаматтарға немесе азаматтығы жоқ адамдарға асырап алуға берілуі мүмкін.

4. Бала асырап алуға үміткер шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар баланы жеке өзі таңдап алуға ең кемі екі апта онымен жақын араласуға міндетті.

Бала асырап алуға үміткер шетелдік азаматтар асырап алынатын баланың тұрғылықты жеріндегі қорғаншы және қамқоршы органға бала асырап алғысы келетіні туралы жазбаша арыздарын, өзінің қаржылық ауқаттылығы, отбасылық жағдайы, денсаулық ахуалы, жеке адамгершілік қасиеттері туралы шет мемлекеттердің бала асырап алу жөнінде арнайы уәкілетті заңды тұлғалары берген қорытындыларды ұ с ы н а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 76-1 баппен толықтырылсын:

"76-1-бап. Бала асырап алу кезінде делдалдық қызметке жол берілмеушілік.

1. Балаларды асырап алғысы келетін адамдардың атынан және олардың мүдделерінде асырап алуға балаларды іріктеу мен беруді жүзеге асыру мақсатында жеке және заңды тұлғалардың делдалдық қызметіне жол берілмейді.

2. Қазақстан Республикасының қорғаншы және қамқоршы органдарының сондай-ақ шет мемлекеттердің балаларды асырап алу жөнінде арнайы уәкілетті заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шартқа орай немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркелуі шарттарымен Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қызметі балаларды асырап алу жөніндегі делдалдық қызмет болып табылмайды.

Шет мемлекеттердің балаларды асырап алу жөнінде арнайы уәкілетті заңды тұлғалары өз қызметінде коммерциялық мақсаттарды көздей алмайды.

Шет мемлекеттердің арнайы уәкілетті заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасы аумағында бала асырап алу жөніндегі қызметін жүзеге асырудың шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

7 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Балаларды асырап алу туралы істерді міндетті түрде прокурордың, асырап

алушының, сондай-ақ қорғаншы және қамқоршы органдар мен азаматтық хал актілерін жазу органдары өкілдерінің қатысуымен сот қарайды.";

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші, бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қорғаншы және қамқоршы орган асырап алуға берудің негізділігі, оның бала мүдделеріне сәйкес келетіндігі туралы қорытындыны сотқа ұсынуға міндетті.

Өгей әкесі (өгей шешесі) асырап алған жағдайда мұндай қорытынды талап етілмейді.

Балаларды асырап алуға беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында асырап алушылардың отбасыларындағы балалардың тұрмыстық және тәрбиелік жағдайларына бақылау жасау қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді".

78 - бапта :

2 - тармақта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, балаларды асырап алғысы келетін Қазақстан Республикасының азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың есебі жергілікті атқарушы органдар белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.";

екінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын" деген сөздер алынып тасталсын;

80-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7), 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) тұрақты тұрғылықты жері, сондай-ақ белгіленген санитарлық және техникалық нормаларға сай келетін тұрғын үй-жайы жоқ адамдарды;

8) бала асырап алу сәтінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына қарсы қасақана қылмыс жасағаны үшін өтелмеген соттылығы бар адамдарды".

82 - бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Баланы асырап алуға ата-аналарының келісімі арызда көрсетілуге және баланы асырап алу ісін жүргізу кезінде сотта тікелей жариялануға тиіс.

Арызда қойылған қолдардың түпнұсқалылығы нотариаттық куәландырылуға тиіс".

3-тармақтағы "Қорғаншы және қамқоршы органдар сотқа баланы асырап алудың бала мүдделеріне сай келетіні туралы қорытынды береді. Мұндай қорытынды баланы оның өгей әкесі (өгей шешесі) асырап алған кезде талап етілмейді" деген сөздер алынып тасталсын.

100-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын.

209 - бапта :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Асырап алушы азаматы болып табылатын шет мемлекеттің бала асырап алуға құзыретті органдары арнайы уәкілетті заңды тұлғалардың қатысуымен жүргізілген,

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және Қазақстан Республикасының шегінен тысқары тұратын баланы асырап алу Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органының немесе оның ата-аналарының Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тысқары қоныс аударғанға дейінгі асырап алуға алдын-ала рұқсаты алынған жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды болып танылады".

5 және 6-тармақтар алынып тасталсын.

Заң мынадай мазмұндағы жаңа 209-1-баппен толықтырылсын:

"209-1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, шетелдік азаматтар асырап алған балалардың есебін жүргізу және шет елде олардың асыралуы мен тәрбиеленуіне бақылауды жүзеге асырудың тәртібі.

1. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, осы Заңда белгіленген тәртіппен балаларды асырап алған шет ел азаматтары өз отандарына оралғаннан кейін асырап алған күннен бастап үш айдың ішінде асырап алған балаларын консулдық есепке қоюға міндетті.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, шетелдіктер асырап алған және Қазақстан Республикасының шегінен тысқары тұрақты тұратын балалардың есебін жүргізу Қазақстан Республикасының шет елдердегі елшіліктері мен консулдық мекемелеріне жүктеледі.

3. Шетелдіктер асырап алған балаларды Қазақстан Республикасының шет елдердегі елшіліктері мен консулдық мекемелерінде есепке қоюдың тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және шетелдіктер асырап алған балалардың асыралуы мен тәрбиеленуін бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады."

Қазақстан Республикасының
Президенті